## SOME PROBLEMS OF CANCELLATION OF A CRIMINAL RECORD IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**Akay, Abylai K.**
*Prosecutor of the Regional Transport Board of the Committee on Legal Statistics and Special Accounts of the General Prosecutor's Office of the Republic of Kazakhstan, Master of Laws; Astana, Republic of Kazakhstan, e-mail: abilay222@mail.ru*

***Keywords:*** *previous conviction, criminal record, criminal law, certificate of presence/ absence of criminal record, criminal responsibility, punishment, maturity of conviction.*

***Annotation.*** *The author considers the problems of the repayment of a criminal recordin accordance with the Code of Criminality of the Republic of Kazakhstan. In particular, in the statute there is clearly defined the definition of the repayment of a criminal record, the definitions of the lawyer scientists, their differences and its history.*

*The basic issues of the article are quoted by the questions of citizens to Commissioner for Human Rights in the Territorial Administration of the General Prosecutor's Office of the Republic of Kazakhstan. The author answers the those questions by the analysis of the norms of the Criminal code of Republic of Kazakhstan, directed to the regulation of the repayment of a criminal record.*

*The concept of the legal policy of the Republic of Kazakhstan for the period from 2010 to 2020, approved by the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan No. 858 of August 28, 2009, provides for systemic measures aimed at ensuring full state policy in the context of socialization as a full member of society released from prison. And the question of the repayment of a criminal record is of great importance for the use by convicts of the same rights on an equal basis with other persons. In this regard, the issues and solutions to them, mentioned in the article, can be considered as one of the ways to implement the measures mentioned above in the Concept.*

*For the first time in Soviet criminal law, the norm regarding the terms of repayment of criminal record was introduced by the Resolution of the Central Executive Committee of the USSR of February 25, 1927 «On the change in the basic principles of the criminal legislation of the USSR and the Union republics.» This article also analyzes the norms of the Criminal Code of the USSR, the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan, 1997, the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan, aimed at improving convictions.*

Сотталғандықты жою мәселесі жайында қазіргі уақытта қоғамда көптеген сұрақтар тудырып отыр. Негізгі мәселе – қазіргі уақытта сотталғандығы бар-жоғы туралы анықтаманың (бұдан әрі - анықтама) тек өтелмеген немесе алып тасталмаған сотталандық туралы мәліметті қамтуымен байланысты.

Бұрын анықтамада барлық деректер, накты алғанда сотталғандықтың болуы және оның ақталмайтын негіздер бойынша тоқтатылуымен қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы деректер болатын. Алайда анықтаманың жаңа форматына көшкеннен кейін қоғамда көптеген сұрақтар пайда болды және олар Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есеп жөніндегі комитетінің аймақтық Басқармаларына үнемі жазылатын өтініштер мен шағымдарда берілуде.

Сұрақтардың негізгі бөліктері сотталғандықты жою және алып тастауды есептеу әдісіне қатысты, сондай-ақ айыппұл және бас бостандығынан айыруға қарағанда анағұрлым жеңіл болып табылатын басқа да жазаларға қатысты сұрақтар туындауда.

Сотталғандықты жою және алып тастауды есептеу әдісін ашудан бұрын сотталғандық ұғымын, оның пайда болуы және дамуын зерттеу қажет.

Оқу және ғылыми әдебиетте сотталғандықтың анықтамалары қатты дау тудырған жоқ және олардың айырмашылықтары сотталғандық институтының мазмұнын ашудың толықтығымен байланысты болды [1]. Мысал ретінде келесі анықтаманы келтіруге болады: «сотталғандық айыптау үкімінің заңды күшіне енген күнінен бастап заңмен шектелген мерзімге дейін созылатын және осы тұлғаға занда қарастырылған қылмыстық-құқықтық және жалпы құқықтық сипаттағы белгілі бір салдарлардың басталуымен қорытылатын соттың жасаған қылмысы үшін жазалаудың белгілі бір шарасына үкім шығару фактісімен құрылған тұлғаның құқықтық жағдайын білдіреді» [2].

Менің пікірімше, жоғарыда баяндалғандардан шығатыны, тұлғада сотталғандықтың болуы және осы тұлғаға «белгілі бір жазалау шарасын» тағайындау фактісі арасында тығыз байланыс болмауы тиіс, сондықтан сотталғандыққа келесідей анықтама беруге болады:

сотталғандық айыптау үкімінің заңды күшіне енген күнінен бастап заңмен шектелген мерзімге дейін созылатын және осы тұлғаға занда қарастырылған қылмыстық-құқықтық және жалпы құқықтық сипаттағы жағдайларда белгілі бір салдарлардың басталуымен қорытылатын соттың жасаған қылмысы үшін жазалаудың белгілі бір шарасына үкім шығару фактісімен құрылған тұлғаның құқықтық жағдайын білдіреді [3].

Алайда, сотталғандықтың жалпыға танылған анықтамаларының бірі – сот қылмыс жасағаны үшін айыпты деп тапқан және жаза және басқа да қылмыстық-құқықтық сипаттағы шаралар қолданылған азаматтың құқықтық жағдайы болып табылады. Сотталғандық қылмыстық жауапкершіліктің мазмұнына кіреді және жалпы құқықтық және қылмыстық-құқықтық сипаттағы бірқатар теріс зардаптарды тартады.

Сотталғандық институтының негізгі қызметі сотталған тұлғалардың белгілі бір санаттарының мінез-құлықтарын бақылауды және есепке алуды жеңілдету болып табылады [4].

Қылмыстық құқықтағы сотталғандық институтының көне тарихы бар және өте маңызды рөл атқарады.

Алғаш рет кеңес қылмыстық заңнамасында сотталғандықты өтеу мерзіміне қатысты норма «КСРО және одақ республикаларының қылмыстық заңнамасындағы негізгі бастауларды өзгерту туралы» 1927 жылғы 25 ақпандағы КСРО Орталық сайлау комиссиясының Қаулысымен енгізілді. Сотталғандықты өтеу мерзімін анықтау үшін критерий ретінде сот үкім шығарған жазалау көлемі таңдалған болатын. Осыған ұқсас норма (55 бап) 1926 жылғы РКФСР Қылмыстық кодесіне (бұдан әрі – РКФСР ҚК) «1926 жылғы редакциядағы РКФСР Қылмыстық кодексін өзгерту туралы» 1927 жылғы 6 маусымдағы Бүкілресейлік орталық атқару комитеті және Халық комиссарларының кеңесінің Қаулысымен енгізілді.

Сот үкім шығарған жазаға критерийлер 1960 жылғы РКФСР ҚК 57-бабының негізіне де жатты, алайда бұл нормада «егер тұлға заңмен белгіленген тәртіпте жазадан мерзімінен бұрын босатылған болса, сотталғандықты өтеу мерзімі фактілі өтеген мерзімінен есептеледі»[1]. Осылайша, 1960 жылғы Қылмыстық кодексте сотталғандықты өтеу мерзімін анықтау үшін критерий есебінде нақты өтелген бас бостандығынан айыру мерзімі таңдалды.

1997 жылы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің қабылдануымен сотталғандықты жою анықтамасы үшін критерийлер тағы да өзгерді. Енді аталған Кодекстің 10-бабына сәйкес айқындалатын қылмыстар санаты шықты[2].

Сотталғандықты жою институтына анықтамалардың осыншалықты жиі ауысуы сотталғандықты жою критерийлері ешқандай ғылыми негізсіз таңдалғанын куәландырады, бұл пайдаланылатын критерийлердің тиімділігі және сотталғандықты өтеудің нақты мерзімі туралы сұрақтар туғызады.

Қолданыстағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіндегі (бұдан әрі – ҚР ҚК) 79-бап біраз өзгертулерге түсті. 1997 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде ұқсас бапта нормалары Ресейдегі реттеуге ұқсас болса, қазір 79-баптың 3-тармағы мынадай болып жазылған:

«3. Сотталғандық:

1) шартты түрде сотталған адамдарға

*[1] РКФСР Жоғарғы кеңесімен 1960 ж. 27 қазанында бекітілген Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасының Қылмыстық кодексі // «Консультант Плюс» компаниясының ресми сайты. -http://www.consultant.ru.*

*[2] Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі № 167 Қылмыстық кодексі // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет».- http://adilet.zan.kz*

қатысты – пробациялық бақылау мерзімі өткен соң;

2) бас бостандығынан айыруға қарағанда жазаның неғұрлым жеңіл түрлеріне сотталған адамдарға қатысты – жазаны іс жүзінде өтеген соң;

3) онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты – жазаны өтегеннен кейін үш жыл өткен соң;

4) ауыр қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты – жазаны өтегеннен кейін алты жыл өткен соң;

5) аса ауыр қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты жазаны өтегеннен кейін сегіз жыл өткен соң жойылады».

Сонымен 79-баптың 3-тармағының 2-тармақшасы өзгерген, егер бұрын сотталғандықты жою жазаны нақты өтегеннен кейін бір жылдан соң жойылатын болса, қолданыстағы кодекске сәйкес сотталғандық жазаны іс жүзінде өтегеннен кейін жойылады.

Менің пікірімше, көрсетілген норма қылмыстық құқықтың ізгіленуіне, сондай-ақ айыппұлды қарастыратын санкциялар санына байланысты өзгерістерге ұшырады. Айыппұлды төлеу кезінде сотталған тұлға оны толық өтейді және ол оны орындау үшін күмәнсіз қозғаушы күш болып табылады, ал жазаның экономикалық түрі денелікке, яғни бас бостандығынан айыру немесе басқаларға қарағанда анағұрлым тиімді қызмет етеді.

Сотталғандық институтының маңызды құралдарының бірі – сотталған тұлға үшін зардаптар тізбесін алып жүретіні болып табылады.

Сотталғандық азаматтардың еңбек қызметіне таңба қалдырады, яғни мыналарға тыйым салады:

- мемлекеттік қызметтің кейбір лауазымдарында, сот және құқық қорғау органдарында болуға,
- кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелейтін педагогикалық қызмет саласында жұмыс жасауға;
- адвокатурада жұмыс жасауға;
- қаржы саласында басшы қызметінде болуға;
- авиациялық қауіпсіздік қызметінде жұмыс жасауға;
- белгілі бір, мысалы тыңшы және күзет салаларында қызметті жүзеге асыруға.

Жасалған қылмыс түріне байланысты басқа да шектеулер бар. Сотталғандығы бар азаматтарда мыналарға мүмкіндері жоқ:

- қарулы күштерде қызмет етуге;
- егер сотталғандығы сайлау күніне дейін жойылмаса сайлауда дауысқа түсуге және мемлекеттік билік және жергілікті кеңес органдарына сайланған болуға;
- аңшы билетін және қаруға лицензия алуға;
- қамқоршы және бала асыраушы болуға;
- азаматтық алуға;

Бұл тізім осымен бітпейді. Маңыздысы, сотталғандығы бар азамат түрлі сатыларда кейбір ресми құжаттарды толтыру кезінде сотталғандығын көрсетуге міндетті.

Сотталғандықтың теріс зардаптары қылмыстық бағытқа ие болуы да мүмкін, олар мыналардан көрінеді:

- тағы бір қылмыс жасалған кезде сот үкім шығарғанда сотталғандығын ескереді, ол анағұрлым қатаң жазаға алып келеді (ҚР ҚК 59 б.)
- рақымшылықты қолдануды, шартты жазаны шектейді (ҚР ҚК 78 б.).

Сонымен қатар, сотталғандықты өтеу мерзімі аяқталмағанша, қамалған жерінен босатылған азаматтарға қадағалау белгіленеді.

Келтірілген зардаптар сотталудың (жеке алғанда сотталғандықты өтеу және алып тастау) азаматтардың конституциялық құқығын іске асыруда маңызды рөл атқарады.

Сонымен қатар, жиі қойылатын сұрақтардың бірі сотталғандықты өтеу және алып тастау арасындағы айырмашылық.

Сотталғандықты алып тастау – сотталғандығы жоқ тұлғаны заңнамалық актімен (рақымшылық немесе кешірім жасау актісі) немесе соттың шешімімен тану. Осымен, мысалы, егер сотталған жазаны өтегеннен кейін өзін мінсіз ұстаса, оның өтініші бойынша сот сотталғандықты өтеу мерзімі аяқталғанға дейін одан сотталғандығын алып тастауы мүмкін.

Аталған норма ауыр немесе аса ауыр қылмысы үшін, сондай-ақ қауіпті немесе аса қауіпті қылмыстардың қайталануы кезінде тағайындалған жазалар үшін бас бостандығынан айрылған сотталушы тұлғаларға жүрмейді.

Сотталғандықты жою және алып тастаудан ақтауды айыра білу қажет. Қылмыс жасаған және қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке негізді тартылған тұлғаның соталғандығын өтеу немесе жоюға қарағанда, ақтауға қылмысты жасамаған және негізсіз қылмыстық жауапкершілікке тартылған немесе заңсыз сотталған тұлғалар жатады.

Оңалту кезінде тұлға толығымен құқығын қалпына келтіреді, оған (қажет болған кезде оның туыстарына) мемлекет атынан кешірім сұралады және ол немесе оның туыстары жариялауға қарсы болмаса,

оның тұрғылықты жері бойынша баспаға жарияланады.

Қылмыстық жауапкершілікке заңсыз тартылған немесе заңсыз сотталған азаматқа келтірілген зиян заңмен белгіленген тәртіпте толық көлемде төленеді.

Сонымен қатар, сотталғандықты өтеу және алып тастау онымен байланысты барлық құқықтық зардаптарды жоятынын атау қажет. Бұл сөзсіз прогрессивті сипатқа ие және заңды біржақты талқылауға мүмкіндік беретін сотталғандық институтын сипаттайтын норманың көрсетілген өзгерістерімен қатар, ҚР ҚК 79-бабы, бір жағынан сәтсіз ережелерге ие және ішкі қарама-қайшылықтар бар. ҚР ҚК 79-бабының 4-тармағына сәйкес, егер сотталған адам заңда белгіленген тәртіппен жазасын өтеуден мерзімінен бұрын босатылса, онда сотталғандықты жою мерзімі «жазаның іс жүзінде өтелген мерзімі негізге алына отырып, негізгі және қосымша жаза түрлерін өтеуден босатылған кезден бастап» есептеледі[3].

Бұл РКФСР ҚК 57-бабынан сөзбе-сөз көшірілген, бірақ жаңа заңда ол мүлдем орынсыз. Расымен РКФСР ҚК сәйкес бас бостандығынан айрылған жерден босатылған тұлғада сотталғандықты жою мерзімі сотта шығарылған мерзім бойынша бостандығынан айыру мерзіміне, ал мерзімінен бұрын босатылған жағдайда – бостандығынан айыру жерінде іс жүзінде өткізген мерзімге тәуелді. Осылайша, РКФСР ҚК сәйкес тұлға бас бостандығынан айыру жерінен мерзімінен бұрын босатылған жағдайда сотталғандық мерзімі өтелген жазалау мерзімі есебінен ғана азаймайды, сонымен қатар сотталғандықты өтеу мерзімінің қысқаруы есебінен «жазалаудың іс жүзінде өтелген мерзімімен» байланысты есептеледі. Қазіргі уақытта жаңа Қылмыстық кодекске сәйкес сотталғандықты өтеу мерзімін есептеу негізіне мүлдем басқа қағидат қойылған. ҚР ҚК 79-бабының 3-тармағына сәйкес сотталғандықты өтеу мерзімдері сотталушыға сот үкім шығарған Негізгі бөлімнің бабының максималды санкцияларынан шыға отырып, ҚР ҚК 11-бабы бойынша айқындалған қылмыстар санатына байланысты болады. Осылайша, сотталғандықты өтеу мерзімі, яғни бостандығынан айыру жерінен босатылғаннан кейінгі уақыт кезеңінде тұлғада сотталғандық сақталады, заңға сәйкес үкім шығару сәтінде анықталады. Жаңа Қылмыстық кодекс бойынша бұл мерзім өзгерістерге ұшырамады, сол себепті сотталғандықты «жазалаудың іс жүзінде өтелген мерзімінен» шығарылып есептелмейтіні анық. Аталған сыни жағдайдың ұтымды құрамды ережені сақтау үшін оны мынадай түрде құрау ұсынылады: «сотталғандықты өтеу мерзімінің ағымы жазалардың негізгі және қосымша түрлерін өтеуден тұлғаның іс жүзінде босатылған сәтінен басталады»[4]. Аталған норма сөзсіз сотталғандықты өтеу мерзімін есептеудің басталу сәтін анықтайды және ҚР ҚК 79-бабының 3-тармағына қарама-қайшы келмейді.

Қолданыстағы ҚР ҚК-де заң шығарушының жаңа қылмыс жасаған кезде сотталғандықты өтеу мерзімін үзу туралы ережеден бас тартуы артық болды. РКФСР ҚК-нің 57-бабына сәйкес: «егер жазасын өтеген тұлға сотталғандықты өтеу мерзімі біткенге дейін қайта қылмыс жасаса, сотталғандықты өтеушінің мерзім ағымы үзіледі. Бірінші қылмыс бойынша сотталғандықты өтеу мерзімі соңғы қылмысы үшін жазаны (негізгі жәгне қосымша) іс жүзінде өтегеннен кейін қайта есептеледі»[5]. Бұл жағдайда тұлға екі қылмыстың анағұрлым ауырына сотталғандықты өтеу мерзімі біткенге дейін екі қылмыс үшін де сотталған болып саналады. Менің ойлауымша, аталған ережені жаңа қылмыстық заңда сақтау қажет еді. Расында, тұлға қылмыстарын қайталаса, іс жүзінде сотталғандықты өтеу мерзімі түрінде мемлекет белгілеген сынақ мерзіміне шыдай алмады. Сонымен бұл жоғары қоғамдық қауіп тудыратын тұлғаны білдіретін факт белгіленді, себебі белгіленетін сынақ мұндай тұлғалар үшін алғашқыға қарағанда анағұрлым жеңіл болмауы тиіс. Бірақ заңнамада көрсетілген норма жоқ болса, екінші қылмыс үшін сотталғандықты жою мерзімі бірінші қылмысы үшін сотталғандықты өтеу мерзімінен аз болуы мүмкін, менің пікірімше бұған жол бермеу қажет.

Сонымен қатар, жаңа қылмыстық заңның кемшілігі ретінде өтелмеген сотталғандықтың болуының жалпы құқықтық зардаптарының толық (кеңінен талқылауға жол бермейтін) тізімінің болмауын келтіруге болады. Бұдан бұрын аталған зардаптар түрлі нормативтік-құқықтық

[3] *Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексі // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет».- http://adilet.zan.kz*

[4] *Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексі // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет».- http://adilet.zan.kz.*

[5] *РКФСР Жоғарғы кеңесімен 1960 ж. 27 қазанында бекітілген Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасының Қылмыстық кодексі // «Консультант Плюс» компаниясының ресми сайты. -http://www.consultant.ru.*

актілерде көзделген еді, қазіргі қолданыстағы заңнамада оның болмауы азаматтардың бұл мәселе жайында түсінбеушілікке әкелуі мүмкін.

Сотталғандықтың қылмыстық-құқықтық және әлеуметтік мәнін (немесе тұлғаға жаңа қылмыс жасауға итермелейтін сотталу фактісі) анықтау кезінде шетел мемлекеттерінің қылмыстық заңнамасында қазақстандық қылмыстық құқық үшін дәстүрлі болып табылатын жақсы анықтамалар қарастырылады. Шетел мемлекеттерінің қылмыстық заңнамасында сотталғандық жеке институт ретінде берілмеген, сотталғандық ұғымының жалпы анықтамасы көп жағдайда жоқ, сотталғандықты өтеу мерзімдерін есептеу тәртібі және олардың аяқталу зардаптары туралы жеке ережелер бекітілмеген. Шетел мемлекеттерінің қылмыстық заңнамасында бекітілген алдыңғы сотталу фактісіне қатысты ережелер нақты сұрақтарды (белгілі бір қылмыстарды жасау кезінде белгілі бір тұлғаларға жаза қолдану, «үйреншікті» қылмыскерлердің жазасын, «қауіпсіздік шараларын» қолдану негіздемелерін қатаңдату және с.с.) шешуге бекітілген.

Құқықтың англосаксондық жүйесі бар мемлекеттердің қылмыстық заңнамасында заң шығарушы айтқан жағдайда қылмыстық-құқықтық нормаларды қолдану шарттары мен тәртібі туралы нақты жазбаларымен ерекшеленеді. Бұл жүйеде қылмыстық құқық институттары ұлттық қылмыстық құқықтықта, сондай-ақ құқықтың романо-германдық жүйесіндегідей мәнге ие емес. Құқықтың англосаксондық жүйесіндегі мемлекеттердің қылмыстық заңнамасында сотталғандық ұғымын қылмыстық заңды қолданудың барлық жағдайы үшін ортақ бекітілген ережелер, оның ішінде – сотталғандықтың сақталу мерзімі және оларды есептеу тәртібі туралы, сондай-ақ оның құқықтық зардаптары туралы ережелер жоқ[6].

Алдын ала ескерту міндеттері, тұлғаға қылмыстық қатынаста нашар тұлғаны әлеуметтік бақылау міндеттері пробация шараларын қолдану, шартты босату және с.с. кезінде жауапкершілікті жекелеу басында шешіледі.

Федеративтік Германия Республикасының қазіргі Қылмыстық кодексінде сотталғандық ұғымы қылмыстық-құқықтық мағынасы бар және жаза қолдану немесе одан босатуға әсер ететін факт ретінде бекітілген. Бұл Кодекске сәйкес жасаған қылмысы үшін жазасын өтеген, сондай-ақ қылмыс жасаған, бірақ жазадан босатылған тұлға немесе бұрынғы мерзімі біткен тұлға арнайы ескерту мақсатында заңмен белгіленген мерзім ағымында айрықша құқықтық жағдайда (құқықтық жағдайынан айырумен немесе құқығынан айырумен байланысты) болады.

Францияның 1992 жылғы Қылмыстық кодексінде «сотталғандық» термині қолданылады, алайда сотталғандық ұғымы заңнамалық түрде ашылмайды, сотталғандықты өтеу және алып тастау мерзімдерін реттейтін ережелер, сондай-ақ оларды есептеу тәртібі жоқ. Сотталғандық жазаны ауырлататын жағдайлардың қатарында жоқ. Франция ҚК бойынша алдыңғы сотталу немесе жазаны өтеу фактілерінің қылмыстық-құқықтық мағынасын түсіндіру қайталану ұғымы мазмұнының арқасында мүмкін.

Франция ҚК бойынша сотталғандық қосымша құқықтық зардаптар (ФГР ҚК сияқты) туғызбайды және қауіпсіздік шараларын қоладану үшін негіз болмайды, сондай-ақ жазадан босатуға кедергі болмайды. Осылайша, Франция ҚК бойынша сотталғандық қайталанудың белгілерін анықтау кезінде, сондай-ақ заң бойынша оңалту үшін мерзім ұзақтығын анықтау кезінде есептелетін қылмыстар, бұзақылықтар немесе бұзушылықтар жасағаны үшін тұлғаны фактісі деген қорытынды шығаруға болады.

Жапонияның Қылмыстық кодексі және басқа да арнайы қылмыстық заңдарында сотталғандық ұғымы және құқықтық мәні туралы арнайы нормалар жоқ. Жапонияның ҚК бойынша соттау фактісі сотталушы үшін қосымша әлеуметтік зардаптар тудырмайды. Жапонияның ҚК қауіпсіздік шарасы жүйесі туралы да айтылмайды. Жапонияның ҚК бойынша алдыңғы сотталу фактісінің қылмыстық-құқықтық мәні қылмыстардың қайталану белгілерімен байланысты (Жапонияның ҚК 56 б.).

Испанияның 1995 жылғы Қылмыстық кодексі сотталғандыққа қылмыс жасаған тұлғаның қылмыстық жауапкершілігімен байланысты жағдайлар сияқты тікелей жазба бар (Испания ҚК VII-бөлімінің 2-тарауының 136, 137 бб.).

Заң шығарушы сотталғандық ұғымының мәнін жазаға тартылушы тұлғаның құқықтық мәртебесімен байланысты анықтамайды. Сотталғандықты алып тастау үшін жазасын өтеген тұлғаның құқығы туралы сөз болады. Бұл құқық сот шешімі бойынша және заңда қарастырылған негіздемелерден басқа өзге тәсілдермен (азаматтық жауапкершілікті орындау; материалдық шығындардың бөлшек төлемдерін мойындау; заңмен

[6] *https://en.wikipedia.org/wiki/Expungement*




белгіленген мерзімде жаңа қылмыстар жасамау) іске асуы мүмкін емес.

Тұтастай алғанда, қылмыстық жаза адамның жасаған қылмысы үшін сотталған адам үшін белгілі бір қылмыстық-құқықтық және жалпы құқықтық салдарларға әкеп соқтыратын сотталғандығының (жазаны тағайындаумен соттың айыптау қорытындысында айтылған) заңды фактісі екенін атап өткім келеді.

Сотталғандықтың құқықтық табиғаты – оның қиын құқықтық құбылысты білдіретіндігінде, ол бір реттік (қылмыс жасаған тұлғаға соттың айыптау үкімін шығарған қаулысы) әсер ететін құқықтық фактten тұрады және оның негізінде құқықтық факт – жағдайы шығады (тұлғада сотталғандықтың болуы).

Қазақстан Республикасында сотталғандықты өтеу және алып тастау институты өзінің кемшіліктеріне қарамастан негізділігін көрсетті, түбегейлі реформаны қажет етпейді, сонымен қатар қылмыстық саясаттың ізгілігі шеңберінде азаматтар оның әсерін түсінді, себебі қылмыстық құқық бұзылушылықтардың көпшілігі үшін сот айыппұл салады және сотталғандық оны факт бойынша өтегеннен соң, яғни төлеген соң жойылады.

Сонымен қатар, жаңа формат бойынша берілетін анықтамалар көптеген азаматтарға бұрын олар орналаса алмаған жұмыстарын алуға мүмкіндік берді.

## *ӘДЕБИЕТ*


*1. Евтеев М.П. Погашение и снятие судимости. - М.: изд. «Юридическая литература», 1964. – 64 с.; Ераксин В.В., Помчалов Л.Ф. Погашение и снятие судимости в советском уголовном праве. М.: изд. при МГУ, 1963. - 48 с.; Голина В.В. Погашение и снятие судимости по советскому уголовному праву. Харьков: изд. «Вища школа» при Харьковском университете, 1979. – 137 с.*

*2. Зельдов С.И. Институт судимости в советском уголовном праве. Автореферат кандидатской диссертации. - М.: изд. «Высшая школа МООП СССР», 1967. – 5 с.*

*3. Додонов В.Н. Сравнительное уголовное право. Общая часть / под общ. ред. С.П. Щербы. – М.: изд. «Юрлитинформ», 2009. – 405, 448 с.*

*4. Михлин А.С. Проблемы досрочного освобождения от отбывания наказания. - М., 1982. – 152 с.*


## *REFERENCES*


*1. Evteev M.P. Pogashenie i snyatie sudimosti. M.: izd. «Yuridicheskaya literatura», 1964. – 64 s.; Eraskin V.V., Pomchalov L.F. Pogashenie i snyatie sudimosti v sovetskom ugolovnom prave. - M.: izd. Pri MGU, 1963. - 48 s.; GolinaV.V. Pogashenie i snyatie sudimosti po sovetskomu ugolovnomu pravu. Harkov: izd. «Visha shkola» pri Harkovskom universitete, 1979. – 137 s.*

*2. Zeldov S.I. Institut sudimosti v sovetskom ugolovnom prave. Avtoreferat kandidatskoi dissertacii. - M.: izd. Vysshaya shkola MOOP SSSR, 1967. – 5 s.*

*3. Dodonov V.N. Sravnitelnoe ugolovnoe pravo. Obshayachast'/pod obsh. red.S.P. Sherby. – M.: izd. «Yurlitinform», 2009. – 405, 448 s.*

*4. Mihlin A.S. Problemy dosrochnogo osvobozhdeniya ot otbyvaniya nakazaniya. - M., 1982. – 152 s.*